

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

ҚАУІПСІЗДІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің көлік-логистика саласын дамыту мәселелері жөніндегі отырысы өтті.



Көлік министрі Марат Қарабаевтың және бірқатар орталық мемлекеттік органдар басшыларының баяндамалары тыңдалды. Мемлекет басшысы көлік саласындағы ахуалды сынға алды. Қордаланған проблемалар мен белгіленген межелердің орындалмауы жаңғырту жұмыстарын жүргізуге кедергі келтіріп отыр. Президент шекарадан жүк өткізудің қиындығын, көптеген өткізу бекеттерінің жағдайы нашар екенін, сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық-транзиттік жобалардың

өз уақытынан кешігіп жатқанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасыл дәліз» жүйесін ұйымдастырып, еліміздің логистикалық әлеуетін оңтайлы пайдаланудың маңызына тоқталды. Оның айтуынша, жаһандық сын-қатерлер күшейген кезеңде Қазақстан өзінің бәсекелестік артықшылығын сақтап қана қоймай, оны нығайта түсуге тиіс. Мемлекет басшысы жүк тасымалы көлемін арттыру үшін нарықты авиаотынмен жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету

қажет деп санайды. Бұдан бөлек, мультипликативтік тиімділікті көтеру мақсатында еліміз арқылы өтетін жүк тасымалы көлемін ұлғайту, соның ішінде әлемдік жеткізу тізбегіне қосылу міндеті қойылды. Жиын соңында Президент министр Марат Қарабаевқа жұмыс барысында жіберген кемшіліктері үшін сөгіс жариялады. Мемлекет басшысы көлік-логистика саласындағы проблемаларды шешуге қатысты нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

КӘСІП

Ақмола кәсіпкерлері мемлекеттік қолдау шараларын белсенді пайдалануда

Ақмола облысында кәсіпкерлікті қолдау және бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Негізгі міндет — қаржыға қолжетімділікті арттырып, әкімшілік кедергілерді азайту және өндірісті ынталандыру.

2025 жылы шағын және орта бизнесті тұрақты қолдау мақсатында облыстық бюджеттен «Даму» қоры арқылы несиелік мөлшерлемесін субсидиялауға 2 млрд теңге бөлінді. Оның 300 млн теңгесі — қосымша қаражат ретінде қарастырылған. Бұл кәсіпкерлерге несиелік алуды жеңілдетіп, қаржыландыру бағдарламаларына тұрақты қатысуға мүмкіндік берді. Аталған қолдау шараларының нәтижесінде бизнес өкілдері жалпы құны 2 трлн теңгеге жуық өнім өндіріп, 185 млрд теңге көлемінде салық төледі және 7

мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашты. Льготалық несиелендірудің орны ерекше. «Кең Дала – 2» бағдарламасы аясында өңірдің аграршыларына 100 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Қаржыландыру 2024 жылдың желтоқсанында басталып, фермерлерге көктемгі егіс науқанына уақтылы дайындалуға жағдай жасады.

«Жеңілдетілген несиелік – нәтиже үшін еңбек ететіндерге берілген мүмкіндік. Мемлекет қолдайды, ал бизнес осы мүмкіндікті ұтымды пайдалана білуі тиіс», деді облыс әкімі Марат Ахметжанов кәсіпкерлермен кездесуде.

Өз тілшімізден



МАЙДАНГЕРГЕ ХАТ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ,
ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ТҰРҒЫНЫ 100 ЖАСТАҒЫ
СОҒЫС АРДАГЕРІ
НҰРҚАСЫМ ӘЖІТАЕВ
АТАМЫЗҒА ХАТ!

Құрметті Нұрқасым ата!
Сізге алғыс пен құрметке толы хат жолдап отырмын. Сіздің ерлігіңіз, отансүйгіштігіңіз, батылдығыңыз – біз үшін нағыз ерліктің, ширамдылық пен қайсарлықтың үлгісі.
Сіз соғыстың от-жалын ортасында жүріп, біз үшін, болашақ ұрпақ үшін өміріңізді қатерге тіктіңіз. Бүгінгі бейбіт күн – сіздің жанқиярлық еңбегіңіздің арқасы. Сол үшін сізге шексіз алғыс білдіремін!
Сіздің және басқа да аталарымыз бен батыр апаларымыздың ерлігі жайында мұғалім айтқанда, көзімізге жас келді. Сол сұрапыл соғысқа қатысқан қазақтардың санын көріп, қатты толқып кеттік.
Міне, біз бүгін мектепке еркін келіп, болашағыма сеніммен қарап, армандап жүргеніміз – бұл сіздердің жеңісіңіздің жемісі. Сіздердің есімдеріңіз мәңгі жадымызда. Біз әрқашан бейбіт өмірдің құнын түсінетін, Отанын сүйетін азамат болуға тырысамыз.
Біз сыныбымызбен сіздерді мақтан етеміз!
Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, тыныш өмір тілеймін!
Жеңіс күніңіз құтты болсын!
Рақмет сізге, Ата!

Ізгі ниетпен,
Ақмурзина Аида №2 жалпы орта білім беретін мектебінің
2 «Ә» сынып оқушысы

ҚҰРМЕТТІ ӘНСҮЙЕР ҚАУЫМ!
Дәстүрлі қазақ ән өнерінің жарқын өкілі, Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Иман Жүсіп сынды сал-серілердің ән мұрасын насихаттап, халыққа жеткізіп, ұлттық өнерімізді дәріптеуге үлес қосып жүрген ғаламат талант, ғажап әнші, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Баянсұлу Жұбанованың шығармашылық ән кеші өтетінін хабарлаймыз!
Қосшы қаласының қоғамдық мәдени-спорт кешенінде 23 мамыр күні сағат 17.00-де басталады.

Қосшы қаласы,
Республика көшесі 11.

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАТЫСТЫ
КЕЗЕКТІ КЕҢЕС ӨТТІ

Облыс әкімдігі мен оның құрылымдық бөлімшелері «Самұрық-Энерго» АҚ-мен бірлесе отырып, 2025 жылға арналған жоспарларды талқылаған кеңес өткізді.

Кеңесте жобалау және құрылыс жұмыстарының бастапқы кезеңдерін жүзеге асыру мәселелері қаралды. Сонымен қатар жылу

электр орталығы салынатын аумаққа барып, бас жоспар мен сызбалық-ситуациялық сұлбалармен танысу ұйымдастырылды.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Көктем – табиғаттың оянар шағы ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға қамқорлық көрсетудің де ең тиімді кезеңі. Осы орайда 2025 жылдың 3 мамыр күні мектебімізде «Жасыл ел» бағдарламасы аясында дәстүрлі ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылды.

«Жасыл ел» бағдарламасы аясында
ағаш отырғызу акциясы өтті

№2 жалпы орта білім беретін мектебінде «Әкелер және аналар» клубының мүшелері, мектебіміздің белсенді ата-аналары мен оқушылары бірігіп мектеп ауласына алма ағаштарын отырғызды.

Акция барысында мектеп ауласының бос жерлерін көгалдандырылып, жүздеген ағаш көшеті отырғызылды.

– Мектеп оқушылары үшін бұл шара тек еңбекке баулудың ғана емес, табиғатты сүю мен қорғаудың да жарқын үлгісіне айналды. Акция аясында экология тақырыбында шағын сынып сағаттары өткізіліп, жасыл желекке күтім жасау жолдары түсіндірілді. Ағаш отырғызу – тек бір реттік жұмыс емес, ол болашаққа қалдырған ізіміз, – дейді шараны ұйымдастырушылар.

Іс-шараға ұстаздар, оқушылар және мектеп ұжымы түгелдей атсалысты. Акция барысында мектеп ауласында және оның айналасында жүзден астам ағаш көшеті отырғызылды. Әсіресе 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналары белсенді жұмыс істеді. Олар алма ағаштарын отырғызып, жасыл желекті көбейтуге өз үлестерін қосты.

– Ағаш отырғызу – табиғатқа қосқан үлкен үлес. Бұл – болашақ ұрпақ үшін экологиялық тепе-теңдікті сақтау жолындағы маңызды қадам, – деді мектеп директоры О. Раева

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау – адамзат алдындағы ең өзекті міндеттердің бірі. Табиғатқа қамқор болу, жасыл желекке жанашырлық таныту – әрбір азаматтың борышы. Осыған орай елімізде түрлі экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді.



Солардың бірі – ағаш отырғызу акциялары. Ағаштар ауаны тазартып, көлеңке сыйлап қана қоймайды, сонымен қатар экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан да мұндай акциялардың тәрбиелік мәні зор. Жас буын өкілдері табиғатты аялауды, туған жерге жанашыр болуды үйренеді. Себебі, табиғат – барша адамзатқа ортақ байлық, оны қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз.

Оқушылар мен олардың әкелері бірге ағаш отырғызып, сол арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктерін көрсетті. Бірге жұмыс істеу, бір шелекке су құю, бір шұңқыр қазу – мұның барлығы әке мен баланың арасындағы сенімді арттырып, рухани жақындастырудың тамаша жолы болды.

Әкелер балаларына ағаштың адам өміріндегі маңызын түсіндіріп, оны күтіп-баптаудың жолдарын үйретті. Ал балалар болашақта осы ағаштың көлеңкесінде отырып, бұл күнді сағынышпен еске алатынын айтты. Бұл – тәрбиенің ең шынайы көрінісі.

Табиғатты аялауға бағытталған бұл бастама жас ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. «Жасыл ел» жобасы аясындағы мұндай акциялар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Қорытындылай келе, мұндай акциялар баланың бойына табиғатқа жанашырлық қана емес, әкесіне деген құрмет пен сүйіспеншілікті де ұялатады. Бірге отырғызылған бір түп ағаш – ұрпақтар арасындағы рухани үндестіктің, мейірім мен махаббаттың символы іспеттес.

Рысқұл Ыбырайқызы, №2 ЖОББМ
Директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

МҰРА

Қоғамның рухани байлығы мен тарихи жадын сақтауда ескерткіштердің алар орны ерекше. Ескерткіштер – бұл тек сәулет өнерінің туындысы ғана емес, ұлттың өткені мен бүгінінің, ерлік пен елдіктің, рух пен ұлағаттың көрінісі. Ал сол ескерткіштерге берілетін атаулар – өскелең ұрпаққа өнеге мен тәрбие берудің құралына айнала алады.

ЕСКЕРТКІШ АТАУЛАРЫНЫҢ
ҰРПАҚТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Тарихты тану – тәрбиенің негізі. Кез келген елдің тарихы – ұрпақтың рухани тірегі. Ескерткіш атаулары арқылы біз сол елдің басынан өткерген тарихи оқиғаларын, оның батырларын, ғұламаларын, мәдени мұраларын еске аламыз. Мәселен, Бауыржан Момышұлы, Әлихан Бөкейхан, Абай Құнанбайұлы, Махамбет Өтемісұлы сынды тұлғаларға арналған ескерткіштер мен олардың атымен аталатын нысандар жастардың санасына отансүйгіштік пен ұлттық мақтаныш сезімін ұялатады.

Рухани құндылықтарды дәріптеуде ескерткіш атаулары ұлттық болмыс пен салт-дәстүрді, тіл мен ділді сақтауға да ықпал етеді. Қазақ халқының тарихи тұлғаларын, ұлы билерін, батырларын, ақын-жырауларын ескерткіш арқылы ұлықтау – ұрпақтың бойына ізеттілік, үлкенді құрметтеу, ерлікке бас ию секілді құндылықтарды сіңірудің жолы.

Мектеп оқушылары, жастар ескерткіштер жанынан өткен сайын немесе арнайы экскурсияларға қатысқанда сол атауларға назар аударады. Бұл олардың тарихи тұлғалар жайлы тереңірек білуге қызығушылығын арттырады. Оқу орындарының жанында немесе қаланың орталықтарында орналасқан ескерткіштер сол ортадағы тәрбиелік ахуалды қалыптастырып, азаматтық сана мен патриотизмді нығайтады. Тәрбиелік маңызы бар орта қалыптастырады.

Ескерткіш атаулары – бұл тек формалды



белгілер емес, олар халықтың рухани-мәдени коды. Сондықтан ескерткіш атауларын таңдауда да, оларды насихаттауда да үлкен жауапкершілік қажет. Ұрпақ тәрбиесінің сапасын арттырамыз десек, тарихи тұлғалардың, оқиғалардың атын ұлықтап, сол арқылы жастардың санасына ұлттық құндылықтарды сіңіруіміз қажет. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес, сол елдің өткені мен бүгінін саралайды, сөйтіп, келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор.

Әлия Мұсаева,
«Тілдерді оқыту орталығы» КММ
басшысы

ДӘСТҮР

Ұлттық тағам – ұлт мәдениетінің айнасы



Мектеп асханасы – оқушылар денсаулығы мен дамуына тікелей әсер ететін маңызды орта. Осыған орай Қосшы қалалық мектеп-гимназиясында Аналар кеңесінің төрайымы мен мүшелері және білім ошағындағы «Suluym» қыздар клубының оқушылары бірлесіп, еліміздің басты мерекелерінің бірі – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған ерекше шара өткізді. Мерекеге орай асхана жұмысына белсене араласып, тағам сапасын қарай отырып, ас әзірледі. Шара аясында түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық тағамдарын дайындады. Бұл – бірлік пен татулықтың, өзара сыйластықтың жарқын көрінісі!

Күнделікті мектеп өмірінің бір бөлігіне айналған бұл бастама – оқушылардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды тазалыққа, ұқыптылыққа, жауапкершілікке үйретеді. Аналар кеңесінің мүшелері тағам мәзірімен танысып, оқушыларға жасаған тамақтарды бақылап, қадағалады. Сонымен қатар оқушылардың өз пікірлері де ескеріліп, ұнататын және ұнатпайтын тағамдары туралы сауалнама жүргізілді.

«Біздің балалар күні бойы мектепте жүреді. Сондықтан асхананың тазалығы мен тағамның сапасы – ең басты назарда. Балалардың тамақтану мәдениетін қалыптастыруда ата-ананың да үлесі маңызды», дейді Аналар кеңесінің төрайымы Айгерім Асхатқызы.

Бұл шара арқылы оқушылар тағамның қалай дайындалатынын, асханадағы еңбек тәртібін, тазалық ережелерін өз көздерімен көріп, үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға үйренеді.

Аналар кеңесі мен оқушылардың бірлескен жұмысы – мектеп өмірінің жаңа, тиімді бағыттарының бірі. Бұл тек бақылау емес, тәрбиенің тірегі екенін тағы бір дәлелдеді. Тамаша идея! Бұл – оқушыларды еңбекке, тағам дайындау мәдениетіне тәрбиелеудің керемет жолы.

Шара аясында Аналар мен оқушылар қамыр илеп, бауырсақ пісірді. Шара соңында балалар өз қолдарымен әзірлеген тағамдарды аналар мен достарына ұсынды. Бұл – олардың еңбекке, сыйластыққа, ұлттық дәстүрге деген құрметін арттыра түсті.

Ас үйдегі ақыл – өмірлік сабақ. Бұл бастама арқылы оқушылар тағамның дәмінен бұрын, оның артындағы аналық мейірімді, еңбекті сезінді. Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар әлі де жалғасын табатыны сөзсіз.

Гүлбану Аманбайқызы, «Аналар»
кеңесінің мүшесі

Бетті дайындаған Дәулет АСАУ

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ – ТӨРТ ТҰҒЫРДЫҢ БАСТАМАСЫ:
ТАРИХ, ТӘРБИЕ, ТАЛАП, ТАЛАНТ

Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық, спорттық ойыны. Қосшы қаласында «Jana beles» балаларды дамыту орталығы үш жылдан асты жұмыс істейді. Орталық директоры – Айгерім Асхатқызы.

Ұлттық құндылықтарды спорттық ойындар арқылы жастардың бойына сіңіру әлем бойынша маңызды орынға ие. Бұл ойын адамның ойлау, талдау қабілетін дамытатын есепке құралған. Ол екі адам арасында ойналады. Ойнау тақтасы – 2 қазан мен 18 отаудағы 162 құмалақтан тұрады.

Үйірмедегі оқушылар сабақ қалдырмайды. Ұлттық, спорттық ойынды меңгерген. Әрбір сенбі және жексенбі күндері болатын үйірмеге оқушылардың келуі ата-аналардың жауапкершілігі және балалардың қызығушылықтарының арқасы. Үйірме оқушылары өте белсенді, қалалық сайыстарға шығып, жеңімпаз атанған ұл-қыздар өте көп.

Ал осы тоғызқұмалақ ойынының жеңіл түрі – бестемше. Ол – тоғызқұмалақтың жеңіл, жеткіншек балаларға арналған түрі. Бұл ойын баланы логикалық ойлауға үйретіп қана қоймай, ұлттық рухани құндылықтарды бойына сіңіріп өсуге үйретеді.

Көненің көзі демекші, сан ғасырлық тарихы бар ұлттық тоғызқұмалақ ойынының тәрбиелік мәні өте зор. Бұл ойынды ойнап, мәнін терең түсіну үшін адам бойында белгілі бір қабілеттер болу қажет деп дөп басып айту қиын. Себебі, әр адамның қабылдауы мен түсінуіне байланысты уақыт өте адам бойында белгілі бір қабілеттер қалыптаса бастайды екен. 20 жылдық тәжірибемнен айтар болсам, бұл ойынмен тұрақты түрде айналысқан соң, тоғызқұмалақтан туындаған дағдылар қалыптасты. Атап айтар болсам, кез келген дүниені тереңінен ойланып, шешім қабылдауды, сонымен қатар әр уақытта төзімділік пен сабыр сақтай блуді,

өмірде болатын әртүрлі жағдайда жеңіліспен жеңісті қатар қабылдауды үйрендім.

Тоғызқұмалақ ойынымен жастар, сонымен қатар ересектер тұрақты түрде айналысады. Ойынның жастарға, жалпы адамға берер пайдасы өте көп. Атап айтсақ, интеллектуалдық қабілетінің артуына, ой жүйесінің қалыптасуына септігін тигізеді. Себебі, жастар үшін оқу мен жарысты бір уақытта алып жүру бүгінде оңай емес. Соған қарамастан, жастардың бұл ойынмен белсенді түрде шұғылдануы мені қатты қуантады. Сабағына жоғары деңгейде көңіл бөле отырып, ұлттық ойынның дамуына үлес қосып жүрген әрбір жас үшін шын жүрегіммен қуаныштымын.

Бестемше ойынын барлығымыз білмесек те, ол белгілі бір деңгейде дамып келеді. Яғни бестемше ойыны тоғызқұмалақтың жеңілдетілген түрі болып саналады. Аты айтып тұрғандай, 5 ұяшықтан, әр ұяшықта 5 құмалақтан барлығы 50 құмалақ болады. Жеңу үшін 26 құмалақ жинау немесе жүріске ұту қажет деп есептеледі. Ал тоғызқұмалақ ойынында барлығы 162 құмалақ, 9 ұяшықтан әр отауда 9 құмалақ болады. Ал жеңіске жету үшін 82 құмалақ жинау немесе жүріске ұту қажет деп есептеледі. Құмалақ санынан бөлек бұл ойындардың бір нюансы бестемше ойынында тұздық ашылмайды. Осындай күрделі нюанстар арқылы кішкентай балалар үшін тоғызқұмалақ ойыны қиын көрінуі мүмкін. Сол үшін осы жеңілдетілген бестемше ойыны пайда болды.

Иә, бестемше ойынының ұлттық құндылықтарды адам бойына дарытуда маңызы өте зор. «Бестемше» ойынның баланың



жетілуіне, ой-санасының дамуына қосар өзіндік үлесі бар. Ол мидың жұмыс жасауын дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға үйретеді. Сонымен қатар көру қабілетін жақсартып, көз жанарын жетілдіреді. Ойын адамды тыныштандырып, сабырлылыққа үйрететін қасиетке ие.

Ойын барысын бастан аяқ есептеу – жеңіске жетудің басты алғышарты. Ойланбай жасаған кез келген жүріс сені жеңіліске алып келері хақ. Әр құмалақ пен жүрісті санап, ойынның әр қадамын қадағалаған жөн. «Мен тоғызқұмалақ ойнағалы математикадан жақсы оқи бастадым» деген шәкірттерім бар.

Тоғызқұмалақ – ойынның мәнін көрсету,

оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұлттық мұраны насихаттау. Біз оқушыларға есте сақтау қабілетін, логикасын, зейінін дамытамыз. Тоғызқұмалақ – қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жеткен рухани мұрасы.

Құрметті Қосшы қаласы және Тайтөбе ауылының тұрғындары, сіздердің де ұл-қыздарыңыз қазақтың ұлттық және спорттық ойындарын үйренсін, білсін, дамысын десеңіздер орталығымызға шақырамыз! jana_beles_kosshy_lesnaya

Қосшы қаласы «Jana beles» балаларды дамыту орталығы «Тоғызқұмалақ» және «Бестемше» ойындарының жетекші ұстазы Гүлбану Бажиева

ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН

АКТУАЛЬНОСТЬ
НАСЛЕДСТВЕННЫХ СПОРОВ

Одна из распространенных категорий гражданских дел по спорам о наследовании, связана со спорами о восстановлении срока для принятия наследства и признании наследника принявшим наследство. Разрешая такие споры, а также и другие, суд должен руководствоваться законодательством, действующим на день открытия наследства.

На практике часто встречаются случаи, когда наследники в течение предусмотренного законом шестимесячного срока своевременно не обращаются к нотариусу с заявлением о принятии наследства либо о выдаче свидетельства о праве на наследство по закону или по завещанию.

Зачастую обращение имеет место с пропуском установленного законом шестимесячного срока. В свою очередь, нотариусы, не выясняя важнейшие вопросы, например, о фактическом принятии наследства, дают разъяснения об обращении в суд с исковым заявлением о восстановлении срока для принятия наследства.

Вследствие чего, наследники, фактически принявшие наследство, обращаются в суд с исковыми заявлениями, увеличивая количество дел, находящихся в производстве суда.

Согласно диспозиции статьи 1072-3 ГК РК, по заявлению наследника, пропустившего срок, установленный для принятия наследства, суд может восстановить этот срок по уважительным причинам.

На практике, в исковых заявлениях наследники указывают уважительными причинами незнание требований закона. Однако известно, что незнание закона не может относиться к уважительным

причинам. Принятый закон печатается в средствах массовой информации, поэтому доступен каждому гражданину.

Необходимо обратить внимание, что при доказанности фактического принятия наследства и не доказанности уважительности пропуска срока для принятия наследства следует истцам необходимо предъявлять требования об установлении факта принятия наследства.

Срок для принятия наследства восстанавливается, как указано выше, лишь при уважительной причине его пропуска.

Судебная практика применения законодательства о наследовании показало, что суды уделяют должное внимание разрешению дел, вытекающие из наследственных правоотношений и в основном обеспечивают защиту имущественных прав и охраняемых законом интересов граждан и государства.

Вместе с тем рекомендуем обратить внимание на следующее:

1. Заявления о восстановлении срока на принятие наследства рассматриваются по правилам искового производства. При рассмотрении дел о восстановлении срока для принятия наследства следует иметь в виду, что суд вправе удовлетворить заявленное требование лишь в случае, когда в ходе судебного разбирательства будет установлено, что этот

срок пропущен по уважительным причинам. Одним из условий восстановления срока для принятия наследства является обстоятельства обращения наследника в течение шести месяцев после того, как причины пропуска этого срока отпали (ст. 1072 – 3 ГК). При этом, признавая наследника принявшим наследство, суд определяет доли всех наследников в наследственном имуществе и при необходимости определяет меры по защите прав нового наследника, на получение причитающейся ему доли наследства. Ранее выданные свидетельства о праве на наследство признается судом недействительными.

2. При рассмотрении дел о наследовании судьям следует иметь в виду, что круг наследников, порядок, сроки принятия наследства и состав наследственного имущества определяются законодательством, действующим на день открытия наследства. Необходимо учитывать, что если наследник фактически принял наследство одним из указанных ст. 1072-1 ГК способов, но нотариальной конторой по каким-либо причинам отказано в выдаче свидетельства о праве на наследство, требования заявителя, рассматриваются в порядке особого производства.

Суд города Косшы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.



Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа отбасылар өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша қатысады.

Өтінімдер аудандық (қалалық) комиссияға 2025 жылғы 15 мамырдан бастап 15 маусымға дейін беріледі.

Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

Бірінші – аудандық (қалалық) кезең (15 мамырдан 15 маусымға дейін).

Екінші – облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) кезең (30 маусымнан 15 шілдеге дейін).

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Конкурс лауреаттарын марапаттау рәсімі қыркүйек айында Отбасы күні қарсаңында Астана қаласында салтанатты түрде өтеді.

Конкурсты ұйымдастырушылар – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, жергілікті атқарушы органдар.

ҚОСШЫДАҒЫ ҚОС ТАЛАНТТЫҢ ӨНЕР КЕШІ

ӨНЕР

Қосшы қаласында Отбасы күніне орай ерекше әдеби-музыкалық кеш өтті. ҚР «Мәдениет саласының үздігі», әнші Нұрболат Сейітмұратов пен ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын Құралай Омардың «Менің музам» атты шығармашылық кеші қала тұрғындары мен қонақтарына рухани ләззат сыйлады. Өнер иелерінің басын қосқан бұл шара, әсіресе отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталғандығымен де маңызды болды.



Нұрболат Сейітмұратов – өнер әлемінде өзіндік орны бар, дарынды әнші. Ол өнерге деген алғашқы қадамын әкесінен бастағанын айтады. Бес жасынан ән айтып, он төрт жасында Роза Бағланова, Мәдина Ералиева, Нұрғали Нүсіпжанов сынды қазақ эстрадасының

халықаралық және республикалық байқауларда бақ сынауына қолдау көрсететін білікті ұстаз. Ол сонымен қатар Украина, Болгария, Латвия, Грузия елдерінде өткен халықаралық байқауларда әділқазы мүшесі ретінде де өз бағасын беріп жүр.

Кеш барысында Нұрболат Сейіт-

ман», «Алғашқы дос», «Түнде ояу жатқан кім?», «Әрқашан қасыңда боламын», «Ұйқыға жатамыз», «Менің әкем ең жақсы әке», «Трактор мен трактортай», «Аналар мен балалар», «Ұйықта бөпем» атты ертегі кітаптары жарық көріп, жас оқырмандардың жүрегінен орын тапты.

Кеш барысында Қосшы мәдениет үйінің актерлері Дінмұхаммед Ақайдар мен Мақсат Шайзақ ақынның терең мағыналы өлеңдерін оқып берді. Бұдан кейін Құралай Омардың сөзіне жазылған әндер шырқалды. Мәдина Қабдолла «Жүрек назы» әнін, Жеңіс Бақберген мен Әйгерім Даулетқан «Мендегі үнсіздік» әнін, ал Республикалық конкурстардың лауреаты Асхат Әмірғали «Дәл қазір бақытты боламын» әнін жоғары деңгейде орындап, көрерменнің қошеметіне ие болды.

Сахнаға шыққан ақын Құралай Омар өзінің жүрекжарды өлең-

желбірегені» сынды әндермен жалғасын тауып, көрерменнің көңілін көтеріп, рухани демалыс сыйлады.

Мәдени кештің көркемдік жетекшісі Нұрболат Сейітмұратов бұл шараның барлық ұйымдастыру жұмыстарын өзі жүргізгенін атап өтті. Ол Құралай Омардың сөзіне жазылған әндерді бұған дейін танымал әншілер орындап жүрсе де, бұл кеште Қосшы қаласының жас әншілеріне мүмкіндік беруді жөн көргенін түсіндірді. Бұл арқылы жас таланттарға қолдау көрсету мақсаты көзделген.

Өнер мен әдебиеттің үйлесімді кеші «Бұларды о баста құдай егіз еткен, Тілектерін телегей теңіз еткен. Өнерпаз қос ғашыққа қол соғайық, Өнерін өмірлеріне негіз еткен» деген әдемі тілектермен аяқталды. Қалың көрермен өнер иелеріне зор қошемет көрсетіп, шығармашылық табыстар тіледі. Бұл кеш Қосшы қаласы-



маңдайалды жұлдыздарымен бір сахнада өнер көрсетуі – оның үлкен өнер жолына қадам басуына себепші болды. Содан бері ол киелі сахна төрінен түспей, өз өнерімен халықты қуанытып келеді.

Әншінің шығармашылық жолы жетістіктерге толы. Халықаралық Сейдулла Бәйтереков атындағы «Әлия», Шәмші Қалдаяқов атындағы «Менің Қазақстаным» ән байқауларында жүлделі орындарға ие болған. 2001 жылы «Жас қанат» байқауында қола жүлдегер атанып, 2014 жылы «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2015 жылы Түркияда өткен «Грация Түрции» байқауында эстрадалық вокал жанры бойынша бас жүлдені қанжығасына байлады. Нұрболат Сейітмұратов тек әнші ғана емес, сонымен қатар жас таланттарды тәрбиелеп, олардың

мұратов «Қазақтай ел қайда», «Әйел шырақ», «Арайлым, ақ келес», «Арқаның ару қызы» сынды жүрекке жылы әндерін жеке орындап, Қуантқан Мұратқанмен дуэтте «Бір ел болса» әнін нақышына келтіре шырқады. Әншінің әрбір туындысы жүрек тебіренерлік сезіммен орындалып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Ақын Құралай Омар – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар талантты қаламгер. Оның «Ақ қар», «Мендегі үнсіздік», «Жасырынбақ ойнап жүрміз» атты жыр жинақтары оқырмандардың сүйікті кітаптарына айналған. Соңғы жылдары ол балалар әдебиетіне де үлкен үлес қосып келеді. «Балапан» телеарнасындағы «Сиқырлы бөлме» бағдарламасындағы ертегілердің авторы ретінде танылған Құралай Омардың «Алғашқы шытыр-



дерін оқып, жиналған қауымды тебірентті. Кеш Нұрболат Сейітмұратовтың орындауындағы «Ағаға тілек», «Амалын айтшы», «Тәттісің», «Қарашаңырақ», «Аппағым менің», «Көк тудың

ның мәдени өмірінде жарқын із қалдырған, өнер мен отбасы құндылықтарының үйлесімін паш еткен маңызды шара болды.

Гүлназ БИСЕН

«Jana Bastau» газетіне оңай
жазылыңыз!

Құрметті оқырмандар!

«Jana Bastau» – Қосшы қаласының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетіне 2025 жылға жазылу жалғасып жатыр!

Жазылу енді бұрынғыдан да оңай!

Kaspi.kz қосымшасы арқылы ешқайда бармай-ақ, бар болғаны 1 минутта жазылыңыз!

Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → «Jana Bastau» газеті

«Қазпошта» бөлімшесінде жазылуды рәсімдеу

Жазылым бағасы:

Жеке тұлғаларға – 7000 тг

Занды тұлғаларға – 7500 тг

Қазақ және орыс тілдерінде аптасына 1 рет шығады. Ең өзекті жаңалықтар, экономика, қоғам, мәдениет және саясат.

Жазылымға дәл қазір тапсырыс беріңіз!

Байланыс: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – сіздің қалаңыздың үні!

Подпишитесь на газету «Jana Bastau» легко и удобно!

Уважаемые читатели!

«Jana Bastau» – социально-экономическая и общественно-политическая газета города Косшы. Продолжается подписка на 2025 год!

Подписаться теперь проще, чем когда-либо!

Через приложение Kaspi.kz – оформите подписку всего за 1 минуту, не выходя из дома!

Kaspi.kz → Платежи → СМИ → Газета «Jana Bastau»

В отделении «Казпочты» – оформите подписку

Стоимость подписки:

Для физических лиц – 7000 тг

Для юридических лиц – 7500 тг

Выходит 1 раз в неделю На казахском и русском языках Актуальные новости, экономика, общество, культура, политика

Оформите подписку прямо сейчас!

Контакты: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – голос вашего города!

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕН

Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ
Нөмердің кезекшісі
Гүлназ БИСЕН

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com

www.janabastau.kz